


## НОВОСИБИРСК МЕМЛЕКЕТТІК СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ СӘУЛЕТ ФАКУЛЬТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ (НМСҚУ)

Біз, Боярова Елизавета және Усенбаева Диана академиялық ұтқырлық байқауынан өтіп, Новосибирск мемлекеттік сәулет-құрылыс университетінде күзгі семестрді оқуға мүмкіндік болды. Бізге шетел студентіне арналған жатақхана берілді, ол НМСҚУ жанындағы үздік жатақхана болып саналады. Күн сайын біз оқыдық және болашақ мамандығымызбен байланысты маңызды білімді алдық. Бізге оқытушылардың материалды түсіндіргендері мен кеңес бергендері ұнады.



Болашақта академиялық ұтқырлық бойынша байқауға қатысуды жоспарлап жүрген және НМСҚУ-де (СИБСТРИН) оқығысы келетін студенттерге бірнеше кеңесті ұсынғымыз келіп отыр:

1. ҚазБСҚА-да оқып жүрген кезде біз төртінші курс оқып жүрдік (топтарды ТжҚҒС және қалақұрылысы мамандықтары бойынша бөлгенде), міндетті түрде пәндер арасындағы айырмашылықтарды жасау кезінде керекті пәндерді нақты таңдау үшін сіздің бағытыңыз қандай екенін деканатқа ескертуіңіз қажет. (СИБСТРИН-де бұндай бөлімдер жоқ, студенттер барлығын бірдей оқиды)

2. Шетел студентіне арналған студенттер үйінде тұрудың ерекшелігі бар: мысалы, кір жуу қызметі (кір жуатын машинаны қолдану) ақылы, сондай-ақ тоңазытқыш пен ас пісіретін плита жоқ.

3. Сіздің өзіңізде міндетті түрде ноутбук болу керек, себебі бағдарламалармен көп жұмыс істеуге тура келеді, СИБСТРИН-де компьютер қызметін көрсетеді, дегенмен компьютер сыныбына қайта-қайта бара беру өте қолайсыз, оқу жүктемесі көп болғандықтан тапсырма орындауға үлгермей қалуыңыз мүмкін.

4. Онда студенттер негізінен archicad бағдарламасымен жұмыс істейді, бірақ сіз басқа бағдарламалармен жақсы жұмыс істей алсаңыз, онда барлығы ойдағыдай болады.

5. Жылы киімдеріңізді дайындап қойыңыз, Сібір болғандықтан қазан айынан бастап қар көп жауып суыта бастайды.

Сонымен қатар біз қалада қыдырып онымен жақынырақ танысуға мүмкіндік алдық: заманауи әдемі орталық, қаланың танымал кішкентай шіркеуі, театрлар, Обь өзенінің бір жағасынан екінші жағасына Октябрь көпірімен бірнеше рет өттік. Көптеген қызықты көрдік және білдік!

Біз мақсатымызға қол жеткізетін осындай мүмкіндіктің болғанына өте қуаныштымыз: сәулет саласында жақсы маман болғымыз келеді, біздің академиямыздың бізге арттып отырған үмітін бағалаймыз. Біз сәулет саласында Ресей оқу орындарының үздік университетінің бірінде білім алып және тәжірибе жинақтауға мүмкіндік туғызған ҚазБСҚА-на алғысымызды білдіргіміз келеді.

**Боярова Елизавета Арх 16-7 тобы студенті**